

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**Т29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**Т29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

[Электронный ресурс] // UNCTAD Investment trends monitor. – Режим доступа: [https://unctad.org/system/files/official\\_document/diaeiainf2021d1\\_highlight\\_ru.pdf](https://unctad.org/system/files/official_document/diaeiainf2021d1_highlight_ru.pdf). – Дата доступа: 21.11.2021.

4. Бюллетень «Перспективы развития мировой экономики» - январь 2021 [Электронный ресурс] // Международный валютный фонд. – Режим доступа: <https://www.imf.org/ru/Publications/WEO/Issues/2021/01/26/2021-world-economic-outlook-update>. – Дата доступа: 21.11.2021.

5. RCEP agreement. A potential boost for investment is sustainable post-COVID recovery [Electronic resource] // UNCTAD Investment trends monitor. – Mode of access: [https://unctad.org/system/files/official-document/diaeiainf2020d5\\_en\\_0.pdf](https://unctad.org/system/files/official-document/diaeiainf2020d5_en_0.pdf). – Date of access: 21.11.2021.

## **НАРЫҚТЫҚ ОРТА ЖАҒДАЙЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Абдрахманова Ж.С.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстан, Нур-Султан қ.

[abdrakhmanova.zhannur@inbox.ru](mailto:abdrakhmanova.zhannur@inbox.ru)

Экономика ғылымында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қызмет көрсету және қамсыздандыру, тұрғын үй, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақымен қамсыздандыру "әлеуметтік сала" ұғымын білдіреді. Әлеуметтік сала экономикасының мәні осы салалық жүйелердегі шығындар мен нәтижелерді өлшеумен байланысты үрдістердің, қатынастардың, ерекшелігімен дараланады. Қоғам денсаулық сақтауды өмір сүру деңгейі мен сапасының міндетті құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды, атап айтқанда, елдің қаржылық дамуында маңызды рөл атқарады, еңбек ресурстарының көбеюі мен сапасын қамтамасыз етеді, мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық өсуіне негіз жасайды.

Әлеуметтік саланың барлық секторларының жиынтығы қоғамдастық пен елдің тұрақты құндылықтарының объектісі болып саналады. Мысалы, халықтың әртүрлі топтары үшін медициналық көмек пен білімнің қол жетімділігі әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарының сенімі негізінде бағаланады [1]. Сапалы денсаулық сақтау жүйесі неғұрлым сұранысқа ие бола отырып, әлеуметтік саланың секторлары арасында жетекші орын алады. Халық денсаулығы елдің ұлттық байлығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның ұлттық қауіпсіздігі оның көрсеткіштеріне байланысты.

Тұрғындардың денсаулығын қорғаудың прогрессивті жүйесі нарықтық және мемлекеттік реттеушілер негізінде жұмыс істейтін көп компонентті секторлық құрылым болып табылады. Денсаулық сақтау нарығын құрайтын нарықтық сегменттердің келесі жиынтығын бөлуге болады:

1) қажетті ресурстарды тарта отырып, жеке практикамен айналысатын мамандар мен денсаулық сақтау кәсіпорындары (мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері, жеке денсаулық сақтау мекемелері) көрсететін медициналық қызметтер нарығы;

2) медициналық қызметтер көрсету үшін қолданылатын дәрі-дәрмектер мен жабдықтарды мемлекеттік және жеке дайындаушылар жұмыс істейтін медициналық тауарлар нарығы;

3) сақтандырушылар, медициналық сақтандыру ұйымдары, сақтандырушы кәсіпорындар, ерікті медициналық сақтандыру қорлары ұсынатын медициналық сақтандыру нарығы [2].

Барлық осы нарықтарда сатып алушылардың келесі санаттары сұранысты қалыптастырады: медициналық тауарлар мен қызметтердің жеке тұтынушылары, денсаулық сақтау мекемелері мен компаниялар, сақтандыру нарығының қатысушылары және басқалар. Бұл жіктеудің ерекшелігі-жекелеген нарық сегменттерінің кейбір қатысушылары жеке нарықтарда ұсыныс субъектілері, ал басқаларында сұраныс субъектілері болып табылады.

Денсаулық сақтау секторы халыққа дәрігерлік көмек көрсететін ұйымдар мен тұлғалардың жүйесі болып табылады. Денсаулық сақтау нарығын талдау негізінде оның қатысушыларының құрамын төмендегідей жүйелеуге болады:

1) медициналық қызметтер көрсететін кіші жүйеге халыққа медициналық қызметтер көрсететін кәсіпорындар, ұйымдар және тұлғалар жатады;

2) өндіріс құралдарын өндіретін кіші жүйенің құрамында дәрігерлік жабдық, дәрі-дәрмектер және медициналық мақсаттағы тауарлар өндіретін кәсіпорындар, ұйымдар мен тұлғалар енеді;

3) сақтандыру кіші жүйесі медициналық сақтандыру саласындағы арнайы ұйымдардың жұмысына кепілдік береді;

4) дамытушы кіші жүйе денсаулық сақтау саласының ғылыми, ғылыми-техникалық және кадрлық дамуына кепілдік береді;

5) бақылауды жүзеге асыратын кіші жүйені денсаулық сақтау нарығын бақылайтын және реттейтін субъектілер ұсынады;

6) тұтынушылық кіші жүйе медициналық көрсетілетін қызметтерді, дәрігерлік жабдықтарды, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы тауарларды нақты сатып алушылардан тұрады [3,4,5].

Денсаулық сақтаудың бірқатар ерекшеліктері бар. Бұл саланың, материалдық өндіріс саласынан айырмашылығы, еңбек объектісі адам және оның денсаулығы, кез-келген жансыз материалдық ресурс емес.

Сонымен қатар, азаматтардың денсаулығын сақтау саласының ерекшелігі - халыққа медициналық қызмет көрсету барысында қызметтерді өндіруші мен тұтынушы үлкен қажеттілік ие. Осылайша, дәрігер мен пациенттің өзара әрекеттесу процесі стандартты емес және жеке көзқарастармен ерекшеленеді. Денсаулық сақтау өнімдерін таңдауда тұтынушы ең алдымен медициналық көмектің "сапасы" мен тиімділігі медицина қызметкерлерінің жауапкершілігіне көңіл аударады.

Медициналық қызмет-бұл пациенттің (тапсырыс берушінің, қызметтерді тұтынушының) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған медициналық қызметкердің (орындаушының, қызметтерді өндірушінің) қажетті, жеткілікті, адал, орынды кәсіби іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Л.Е.Исакова өз еңбектерінде «медициналық қызмет - бұл ауру кезінде немесе олардың дамуына тікелей қауіп төнген кезде, аурудың алдын алуға және денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған, тәуелсіз, толық маңызы бар және белгілі бір құны бар іс-шара немесе іс-шаралар кешені» - деп анықтама берсе, В.З.Кучеренконың пікірінше, медициналық қызмет - бұл денсаулық сақтау мекемелерінің медицина қызметкерлері халыққа көрсететін медициналық көмектің бір түрі [5].

Медициналық қызмет ретінде біз медициналық ұйым қызметкерлерінің пациенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кәсіби іс-қимылдарын, оның ішінде профилактикалық, емдік, санитарлық, ағартушылық, фармацевтикалық, физиотерапиялық және басқа да қызметтерді атаймыз.

Ұсынылған анықтамалар одан әрі нақтылауды қажет етеді, өйткені олар медициналық нарық, медициналық ұйым және медициналық қызмет сияқты күрделі категорияларды толық сипаттауға мүмкіндік бермейді. Олар осы зерттеу аясында жасалған тәсілдің кейбір элементтері болып табылады.

Медициналық қызметтің тауарлармен және басқа да коммерциялық қызметтермен салыстырғанда кейбір ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Атап айтар болсақ:

1. Ең алдымен, материалдық емес, өндіріс пен тұтыну сатысының сәйкес келуі, тасымалдау мен сақтаудың мүмкін еместігі, сондай-ақ сапа деңгейімен ерекшеленеді;

2. Сонымен қатар, қызметтің бәсекеге қабілеттілігі үш негізгі компоненттен тұратынын атап өткен жөн. Олардың бірі сапаға байланыстылығы. Екіншісі сату және қызмет көрсету қызметінде тұтынушының экономикалық мүмкіндіктері мен шектеулерімен байланысты. Үшіншісі тұтынушының сатып алушы ретінде, адамның, белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесінің қажеттілігіне бағытталуы қажет.

3. Сатып алушы - қызметтің басты бағалаушысы. Қызметтің бәсекеге қабілеттілігінің барлық элементтері әлеуеті сатып алушыға олардың кез-келгеніне қатысты күмән немесе басқа түсінік болмауы үшін айқын болуы керек. Ерекшеліктері мен тұтынушылардың зияткерлік деңгейін, жеке сипаттағы көптеген басқа факторларды ескеруі қажет.

Медициналық қызметтің тауарлармен және басқа да коммерциялық қызметтермен салыстырғанда кейбір ерекшеліктерін ескеру қажет. Медициналық қызметтің басқа қызметтермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Негізгі айырмашылық - тұтынушылардың экономикалық қызметтің осы саласындағы нарықтық қатынастарды дамытуға қатынасы;

2. Сондай-ақ, мемлекеттің дамуы үшін маңыздылығына байланысты осы саланы бақылауды толығымен жоғалта алмайды, өйткені халықтың денсаулығы - елдің басты байлығы мен әлеуеті;

3. Барлық медициналық қызметтер, медициналық ұйымдар өздерінің нақты медициналық бағытына байланысты біржақты коммерциялық болып саналмайды.

Медициналық қызметтер нарығы бірқатар жалпы жүйелік және ерекше белгілері бар күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Оның қызметі негізінен халықтың денсаулығын қолдау және нығайту, өлім-жітім деңгейін төмендету мақсатында медициналық қызметтерді өндірушілердің (медициналық қызметтер көрсететін ұйымдардың) және тұтынушылардың (пациенттердің) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе.

Медициналық қызметті жіктеуге сүйене отырып, медициналық қызмет уақыт пен кеңістікте дамитын және белгілі бір кезеңге ие, медициналық көмекті сақтауға, енгізуге және практикалық іске асыруға байланысты барлық жұмыс түрлерін қамтитын элементтердің, процестер мен қызметтердің күрделі жиынтығы деп қорытынды жасауға болады.

Медициналық қызметтер нарығын жүзеге асырудың әртүрлілігіне қарамастан, медициналық қызмет көрсетудің негізгі ұстанымы қоғамымыздағы барлық азаматтардың осы қызмет түрін тұтынуда жалпыға бірдей теңдікпен қолжетімді болуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Притворова Т.П. Формирование и развитие социально ориентированной экономики в Казахстане: социальный механизм и институты. - Караганда, 2019. – С. 60.

2. Управление и экономика здравоохранения: учеб. пособие для вузов / под ред. А.И. Вялкова.- 3-е издание. - М.: Гэотар-Медиа, 2019. - 664 с.

3. Зелькович Р.М., Исакова Л.Е., Окушко Н.Б., Фрид Э.М., Бабина С.И., Шейман И.М. Менеджмент в здравоохранении и медицинском страховании: учебник. - Кемерово: Сибформ, 2018. - 276 с

4. Зелькович Р.М., Исакова Л.Е. Экономика здравоохранения: основные понятия: учебник. - Кемерово: СибформС, 2018. - 90 с.

5. Экономика здравоохранения: учебное пособие / под ред. проф. В.З.Кучеренко. - М.: ООО «Фирма «АЙС», 2019. - 144 с.

## **ҚАЛА ҚҰРАУШЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ИНТЕГРАЛДЫ КӨРСЕТКІШТЕР ЖҮЙЕСІ**

**Акбергенова А.К.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., [akbergenova-akmaral@mail.ru](mailto:akbergenova-akmaral@mail.ru)